

"Алматы қаласы әкімінің 1999 жылғы 12 шілдедегі N 623" "Алматы қаласында кейбір қызмет түрлерін лицензиялау туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімінің шешімі 1999 жылғы 18 тамыздағы N 720. Алматы қалалық әділет басқармасында 1999 жылғы 27 желтоқсанда N 89 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2001 жылғы 11 шілдеде N 1/72 қаулысымен

Ескерту: Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2001.07.11. N 1/72 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Этил спирті мен ішімдік өнімдерін өндіру және айналымын Мемлекеттік реттеу туралы" Заңның 15 бабын жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласының Әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 12 шілдедегі N 623 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1 Тармақ мына мазмұнмен толықтырылсын "ішімдік өнімдері бөлшек саудасы" ;

- N 1 Қосымша мына мазмұндағы 8 тармақпен толықтырылсын: "8. Аудан әкімі аппараты жанындағы сарапшы комиссия ішімдік өнімдерінің бөлшек саудасы жөніндегі қызметін қорытындылайды".

Алматы қаласының Әкімі В.Храпунов